

"Екібастұз 2-ГРЭС" мемлекеттік кәсіпорнын акционерлендіру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 12 қараша N 1372

Қазақстан Республикасының тұтынушыларын электр энергиясымен үздіксіз қамтамасыз ету және электр энергетикасын дамытуға инвестицияларды тарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігімен бірлесіп бір ай мерзімде:

"Екібастұз 2-ГРЭС" мемлекеттік кәсіпорнын оны акционерлік қоғам

етіп құру жолымен заңда белгіленген тәртіппен қайта ұйымдастырсын;
құрылатын акционерлік қоғамның акцияларын бөлу тәртібін
айқындасын;

өндірістік қуаттарды дамыту мен қолдау үшін "Екібастұз 2-ГРЭС"
инвестициялық қажеттігін айқындасын.

2.

<*>

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ күшін жойды - ҚРҰ-нің 1997.08.08. N 1242
қаулысымен.

P971242_

3. Құрылатын акционерлік қоғам "Екібастұз 2-ГРЭС" мемлекеттік
кәсіпорнының мүліктік құқықтары мен міндеттемелерінің мұрагері болып
табылады деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК